



Ерейментау ауданында ет кластерін құру жобасын іске асыру перспективаларына ерекше назар аударылды.

2-БЕТ | БИЛІК



Около 15% всех пожаров на транспорте зимой происходят из-за неисправных или неправильно установленных отопительных систем.

6-БЕТ | БЕЗОПАСНОСТЬ



Қараөткел-2 шағын ауданындағы Ерейментау көшесі елорданың жаңа тынысын айқындайтын бір маңызға ие.

8-БЕТ | ТАНЫМ

Газет 1935 жылдың 5 мамырынан бастап шығады

ЕРЕЙІМЕН



Дүйсенбі
№1 (9661)
19.01.2026

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

ТОҚСАН ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ БАР ТӨЛ БАСЫЛЫМ

Құрметті жерлестер, ардақты қаламгерлер, аудандық газеттің ардагерлері мен бүгінгі жалғастырушылары!

Өткенін қадірлеген елдің болашағы берік. Ерейментау өңірінің рухани өмірінде айрықша орны бар аудандық газет тұтас бір дәуірдің айнасы, халықтың шежіресі, елдің еңсесін тіктеген рухани тірек болды. 2025 жылы аудандық газетіміздің іргетасы қаланғанына 90 жыл толды. Бұл – бір адамның ғұмырымен пара-пар, бір ұрпақтың тарихын қамтыған қастерлі кезең. Басылым 1935 жылғы 5 мамырда «Еңбек туы» атауымен жарық көріп, сол кезеңдегі ел өмірінің өзекті мәселелерін көтерді. Газеттің тұңғыш редакторы Сыздық Қоянбаев қазақ баспасөзіне адал қызмет етіп, аудан тарихының алғашқы жазба беттерін қалыптастырды.

1962 жылдың сәуір айына дейін газет қазақ тілінде үздіксіз шығып, ауыл өмірін, еңбек адамдарының тағдырын, ел ішіндегі жаңалықтарды шынайы түрде жеткізді. Уақыт талабына сай газет атауы бірнеше рет өзгеріп, бір кезеңде «Прогресс» аталды. Ал 1990 жылдан бастап «Ереймен», «Ерейментау» деген атаумен аудан жұртшылығына кеңінен танылды. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, ауыл шаруашылығы мен өндірістің жетістіктері, мәдениет пен білім саласындағы ілгерілеулер – барлығы дерлік осы басылым беттерінен көрініс тапты. Қарапайым еңбек адамдарының ерлігі, ауыл тіршілігі, ел ішіндегі игі бастамалар мен жарқын істер газет тілшілерінің қаламы арқылы халыққа жол тартты.

Газеттің 90 жылдық мерейтойы аясында 2025 жылы ауданның Ата мен әже-

лер мектебінің бастамасымен, өзінің төрағалығымен арнайы дөңгелек үстел отырысы өтті.

Басқосуда аудандық газеттің өткені мен бүгінгі сараланып, оның болашақтағы тарихи миссиясы, ақпараттық және рухани рөлі кеңінен талқыланды. Ардагер журналистер мен сала мамандары басылымды жаңғырту, тарихи сабақтастықты сақтау, жас ұрпақты жергілікті баспасөзге тарту жөнінде құнды ұсыныстарын ортаға салды.

Өкінішке қарай, 2019 жылдан бастап белгілі себептермен аудандық газет өз жұмысын уақытша тоқтатты. Алайда газет жабылғанмен, оның тарихы жабылған жоқ, ел жадындағы орны мен рухани маңызы ешқашан өшпейді. Өйткені бұл басылым – халықтың тағдырын, уақыттың тынысын тасқа басқан рухани мұра.

Әр жылдары аудандық газетке басшылық етіп, оның шығармашылық бағытын айқындаған Әпенді Қазбеков, Дуанбай Әлімжанов, Владимир Тарасевич, Серік Жұматов, Сайлау Байбосын, Нұрлыбек Төрегелдин, Раушан Нұрғазина сынды редакторлардың еңбегі аудан тарихының алтын қорында сақталады.

Міне, енді 2026 жылы тарихи әділет салтанат құрып, аудандық газет қайта жалғасын тауып отыр. Бұл – тек бір басылымның қайта шығуы ғана емес, Ерейментау рухының жаңғыруы, ұлттық құндылықтар мен жергілікті тарихты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін рухани



көпірдің қайта қалануы.

Биыл Ерейментау ауданының құрылғанына 98 жыл толып отыр. Бұл – тарихи тағдырлы, еңбегі ерен, бірлігі бекем өңір үшін айрықша белес. Аудандық газеттің алдағы уақытта да елдік мүддеге қызмет

етіп, шынайы ақпараттың, рухани құндылықтардың сенімді мінбері боларына кәміл сенемін.

Қаламы қарымды журналистерге шығармашылық табыс, сарқылмас шабыт тілеймін. Ел тарихын хаттаған

қасиетті басылымның жолы әрдайым ашық болсын!

Құрметпен,
Ерейментау ауданының әкімі
Нұрлан МҰҚАТОВ

ҚАРАШАҢЫРАҚТЫ АЛЫПТАСТЫРҒАН АЛАМГЕРЛЕР

Өңір баспасөзінің қарашаңырағы саналатын «Еңбек туы» газеті алғаш рет 1935 жылдың 5 мамырында жарық көрді. Кейін бұл басылым көстілді «Прогресс», «Ереймен», «Ереймен елі», «Ерейментау» газеттері болып шықты. Басылымдардың алғашқы редакторлары – ел қорғап, майдан көрген ардақты ағалар Сыздық Қоянбаев пен Әпенді Қазыбеков.

Газет 1941-1942 жылдарға дейін латын қарпімен басылып, кейін кириллицаға көшті. Ал 1955 жылдан бастап басылым қазақ және орыс тілдерінде жарық көре бастады.

Әр кезеңде газеттің дамуына үлес қосқан редакторлар аз емес.

1957-1962 жылдары редакторлық қызметті Дуанбай Әлімбаев атқарса, 1962 жылдан 1996 жылға дейін бұл міндетті Владимир Тарасевич абыроймен жалғастырды.

1996-2004 жылдары Серік Жұматов редактор болса, 2005 жылдың желтоқсанына дейін газетті Сайлау Байбосын басқарды.

2005-2010 жылдар аралығында

редакторлық тізгін Нұрлыбек Төрегелдиннің қолында болды. Ал 2010 жылдан 2019 жылғы мамыр айының соңына дейін басылымды Раушан Нұрғазина басқарды.

Газет тарихында қаламының ізі, еңбегінің табы айқын қалған тұлғалар да аз емес. Олардың қатарында Владимир Карякин, Салкен Түгелбаев, Бәтен Атығаева, Қабыкен Хасенов, Лияс Қарағозин, Нұргелді Жұмабеков, Алексей Полторацкий, Сағат Айдаболова, Даматкен Әдрешева, Жамбыл Рүстемов, Мүсілім Құсайынов, Маулет Құсайынов, Жанат Түгелбаев, Мұрат Шекебаев сынды азаматтар бар. Олар өңірлік баспасөздің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосты.

Ақпаратты музей архивінен алып дайындаған:
Л. ТҮГЕЛБАЕВА



Мемлекеттік саясаттың өңірлік деңгейде тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев өңірлердегі «Ауыл аманаты» жобасының орындалу барысын тексерді. Осы бағытта ол министрліктердің, облыс әкімдіктерінің және АМАНАТ партиясының өкілдері қатысқан өңірлік даму жөніндегі жоба кеңсесінің отырысын өткізді.

Ерейментауда ет кластерін құру — Үкімет назарында



Белгілі болғандай, 2025 жылдан бастап «Ауыл аманаты» жобасы жаңартылған қағидаттар негізінде іске асып келеді. Жобаны қаржыландыру өңірлердің нақты қажеттіліктеріне сүйене отырып, артық бюрократиялық рәсімдерсіз бөлініп отыр. Бұл тәсіл ауылдық жерлердегі бастамалардың жедел әрі тиімді іске асуына жол ашты. Негізгі басымдық кооперацияны дамытуға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді кеңейтуге берілген.

Былтыр жобаны іске асыру үшін облыс әкімдіктеріне республикалық бюджеттен 50 млрд теңге бөлінді. Ал 2026 жылға арналған бюджетте «Ауыл аманаты» жобасын жалғастыруға 100 млрд теңге қарастырылып отыр. Оның ішінде шамамен 60 млрд теңге 600-ге жуық ауылдық кооперативті қолдауға бағытталмақ.

Отырыста Ақмола облысының Ерейментау ауданында ет кластерін құру жобасын іске асыру перспективаларына ерекше назар аударылды. Аталған жоба өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңызды деп танылды. Осыған байланысты Қанат Бозымбаев жауапты құрылымдарға мемлекеттік қолдау бағдарламаларын ескере

отырып, жобаның экономикалық тиімділігі мен ұйымдастырушылық тетіктерін қосымша пысықтауды тапсырды.

Кеңес қорытындысы бойынша, премьер-министрдің орынбасары Ұлттық экономика министрлігіне әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың қызметін қайта пішімдеу жөнінде нақты ұсыныстар әзірлеуді жүктеді. Сондай-ақ «Ауыл кәсіпкерлігі инфрақұрылымы» бағытын өңірлік стандарттар жүйесіне енгізу қажеттігі атап өтілді.

Сонымен бірге «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-мен бірлесіп, «Ауыл аманаты» жобасы аясында кепілдік беру тетіктерін әзірлеу және осы бағытта тиісті нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу міндеттелді. Ал облыс әкімдіктеріне екі апта мерзім ішінде Аманат Несіе ақпараттық жүйесіне барлық өңірдің толық қосылуын қамтамасыз ету тапсырылды. Бұдан бөлек, ауыл тұрғындарына «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде жеңілдікті несиелер беру үдерісін жүйелі түрде ұйымдастыру қажеттігі қатаң ескертілді.

Еркеғали БОЛАТҰЛЫ

Шаруалар қалмақ сиырын жерсіндіріп отыр



Aqmola Invest алаңында өңір әкімі Марат Ахметжановтың төрағалығымен етті мал шаруашылығын дамыту және инвестициялық аймақты одан әрі қалыптастыру мәселелері бойынша кеңес өтті.

– Мемлекет басшысының мал шаруашылығы саласының тұрақты әрі қарқынды дамуын қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындау аясында бұл бағыт Ақмола облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі басымдықтарының біріне айналады. Осыған байланысты әрбір ауданда табиғи-климаттық жағдайларды, жемшөп базасын, инфрақұрылымды, сондай-ақ шаруашылықтардың мамандануын ескере отырып, мал шаруашылығы саласын дамыту жоспарлары әзірленіп, өзектендірілуге тиіс, – деді Марат Ахметжанов.

Кеңесте Ерейментау ауданында ет кластерін құру жөніндегі консорциумның кеңесшісі Гүлмира Исаева мен Мал өсірушілер одағының төрағасы

Дәурен Салықовтың баяндамалары тыңдалды. Спикерлер өңірдегі қалмақ тұқымды ірі қара малын өсіру перспективалары және мал өсірушілерді несиелендіру бағдарламалары туралы баяндады.

Осы орайда Ерейментау ауданының «Соколинки и К» ЖШС мен «Торғай» ЖШС негізгі кәсіпорындар ретінде айқындалды. 2025 жылы бұл шаруашылықтар 4,3 мыңнан аса бас қалмақ тұқымды ірі қара малын әкеліп, карантиннен өткізген.

Сондай-ақ кеңес барысында Ақмола облысындағы индустриялық аймақтарды дамыту перспективалары қаралды.

Ерейментау ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі

2026 ЖЫЛҒА АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУГЕ ТАРИФТЕРДІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының әлеуметтік Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және «Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу қағидасын бекіту туралы» 2024 жылғы 28 желтоқсандағы №504 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен бекітілген Қағиданың 4-тармағына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №35569 болып тіркелген), Ерейментау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

«Ерейментау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидалары мен әдістемесін бекіту туралы» 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32987 болып тіркелген), 2026 жылға жан басына шаққандағы тарифтің есептеулерін жүргізсін.

2026 жылға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған тарифтер осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

«Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтерді бекіту туралы» 2025 жылғы 02 қыркүйектегі №а-8/192 Ерейментау ауданы әкімдігінің қаулысы жойылсын.

Осы қаулының орындалуын бақылау Ерейментау ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Ерейментау ауданының әкімі
Н. МҰҚАТОВ

«Ауыл аманатына» өтінім қабылдана бастады

Ерейментау ауданында 2026 жылға арналған «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша өтінімдер қабылдау басталды.



– Кәсіпкерлерден келіп түскен барлық өтінім скринингтен өтеді, – деп хабарлады аудандық «Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ басшысы Гүлнар Жүнісова.

Сонымен қатар ол 2025 жылдың қорытындысын шығарып, «Ауыл аманаты» ауыл халқының табысын арттыру бағдарламасын іске асыру аясында Ақмола облысына республикалық бюджеттен 2,5 млрд теңге бөлінгенін атап өтті.

Бөлім басшысының мәліметінше, Ерейментау ауданы бойынша жалпы сомасы 889 100 350 теңгені қамтитын 90 жоба ұсынылған.

Оның ішінде мал шаруашылығы бағытында:
– қой шаруашылығы – 53 жоба, жалпы сомасы 528 412 350 теңге;
– жылқы шаруашылығы – 2 жоба, жалпы сомасы 36 950 000 теңге;
– етті және сүтті ірі қара мал шаруашылығы – 18 жоба, жалпы сомасы 151 108 000 теңге;
– өзге жобалар – 17 жоба, жалпы сомасы 172 630 000 теңге.

Профильді бөлімнің деректеріне сәйкес, 2025 жылғы жалпы сомасы 426 761 814 теңгені қамтитын 26 жоба қабылданған.

Оның ішінде:

- жылқы шаруашылығы – 1 жоба;
- етті және сүтті ірі қара мал шаруашылығы – 7 жоба;
- қой шаруашылығы – 15 жоба;
- бордақылау алаңын ашу – 2 жоба.

Биыл өтінімдерді кезең-кезеңімен жинау және қарау тетігі қолданылады. Атап айтқанда, бірінші кезеңде ақпараттық жазбаны ауылдық округ әкімдігі қалыптастырады. Одан кейін құжаттар аудан әкімдігі арқылы жинақталып, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына жолданады және облыс деңгейінде аудандар бойынша жалпы қажеттілік айқындалады.

Ерейментау ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі

Торғай ауылына «Фермерлер үйі» салынады

Ерейментау ауданында аймақтың ауыл шаруашылығын дамыту жөнінде диалог форматындағы форум өтті. Оған қала, ауыл және ауылдық округ әкімдері, фермерлер, кәсіпкерлер, мемлекеттік органдар мен ғылым саласының өкілдері қатысты.

Форумның негізгі мақсаты – ауыл шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелерді ашық талқылау, сала мамандары арасында тәжірибе алмасу және агроөнеркәсіп кешенін дамытуға бағытталған жаңа бастамаларды айқындау. Жиынға Ерейментау аудандық мәслихатының төрағасы Медеу Әбжіков, аудан әкімінің орынбасары Талғат Кәрібжанов, мәслихат депутаттары, АМАНАТ партиясының өкілдері, сондай-ақ салалық мамандар қатысты.

Форумда агротехнологияларды өндіріске енгізу, тыңайтқыштарды тиімді пайдалану, өсімдіктерді қорғау шаралары, ғылым мен тәжірибе арасындағы байланысты нығайту және фермерлік шаруашылықтардың қазіргі сын-қатерлері кеңінен қозғалды. Баяндамашылар заманауи тәсілдерді қолдану өнімділікті арттыруға және ауыл шару-

ашылығының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

Сонымен қатар жиында Торғай ауылында «Фермерлер үйі» салу жоспарланып отырғаны айтылды. Бұл нысан фермерлер мен кәсіпкерлер үшін тәжірибе алмасу, өзара кооперация орнату және жаңа жобаларды талқылайтын алаң болмақ. Қатысушылар аталмыш бастаманың ауыл шаруашылығы субъектілерін біріктіріп, өңірлік ынтымақтастықты күшейтетінін жеткізді.

Бұл ретте «Ауыл аманаты» бағдарламасының мүмкіндіктері де талқыланды. Шараға қатысушылар бағдарламаның ауыл тұрғындарын қолдауға маңызын атап өтіп, оны тиімді іске асыру жолдарына қызығушылық танытты.

Ғали ТӨЛЕК

Осыдан тура
10 жыл бұрын, яғни 2016 жылы Ақмола
облыстық «Акмолинская правда» газетінің тілшісі Марат Нұрсей-
ітов ұзақ жыл білім беру мекемелерінде және кеңестік партия органдарында
жауапты қызметтер атқарған, аудандық мәдениет бөлімін басқарған, Ерейментау
ауданының Құрметті азаматы, тарихшы ғалым Манап Адрешевпен сұхбаттасқан бо-
латын. Сол сәтте әңгіме осы бір ғажайып өлкенің тарихы төңірегінде өрбігендік-
тен, біз архивтегі сол сұхбатты оқырман назарына қазақшаға аударып
ұсынуды жөн көрдік.



Манап АДРЕШЕВ:

«Ерейментау жерінен көптеген әйгілі, қадірлі тұлғалар шыққан»

– Манап Бектасұлы, жер атауының шығу тегі жөнінде өз нұсқаңыз қандай?

– Расында да қазақ тілінде «ереймен» деген сөз жоқ. Оның шығу тегін түсіндіретін аңыздардың ішінде маған XV ғасырдағы халық жырауы Асан Қайғының атымен байланысты жақын. Ол таулардың ирелеңдеп жатқан көрінісіне таңданысын білдіріп: «Қалай ерейген тау!» деген екен. Осылайша жердің бастапқы атауы қалыптасқан. Ал кейін халық санағы кезінде құжаттарға түсіру барысында шенеуніктер сөзді қате жазып жіберген.

– Өлкенің несімен және кімдерімен әйгілі?

– Аумағы жағынан облыстағы ең ірі ауданымыз 100 шақырымға созылып жатқан Ерейментау тауларымен, арқарлар мекендейтін табиғатымен, балығы мол мөлдір өзен-көлдерімен, тұмса бұлақтарымен танымал.

Қазақ халқының, түркі халықтарының этногенезіне және әлемдік өркениет қазынасына үлес қосқан тайпалар мәдениетінің дамуы жөніндегі құнды дереккөздер – табылған 24 археология-

лық ескерткіш: тұрақтар, қоныстар, қорымдар мен обалар.

Ерейментау жерінен көптеген әйгілі, қадірлі тұлғалар шыққан. Біз, әсіресе, даңқты жерлесіміз – жоңғар шапқыншыларына да, қытай боғдыханның әскеріне де қарсы шайқастағы жеңіспен аты аңызға айналған қолбасшы Қанжығалы Бөгенбай батырды ерекше мақтан тұтамыз. 1991 жылы Бөгенбай батырдың 300 жылдығына орай, Ерейментауда тарихи-өлкетану музейі ашылды. Ал 1999 жылғы 20 мамырда музейге Бөгенбай батырдың есімі берілді.

– Облыстық мемлекеттік архив құжаттарында 1916 жылғы Ерейментау көтерілісіне белсене қатысқандар туралы деректер бар екені айтылады...

– Осы тақырып аясында ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай биылғы жылдың (2016, - ред.) тамыз айында Ерейментау қаласында «Азаттық жолындағы ерлік дастаны» атты ғылыми-практикалық конференция өтті. Оған аудан жұртшылығы мен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғалымдары қатысты. Тарих ғылымдарының кандидаты Ерлан Сайлаубаев пен

филология ғылымдарының кандидаты Қайырбек Кемегеровтің пікірінше, 1916 жылғы Ерейментау оқиғалары әлі де терең ғылыми негіздеуді қажет етеді. Осыған байланысты бұл тақырып магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу жоспарларына енгізілді. Ізденіс жұмыстары Мәскеу мен Петербург архивтерінде жүргізіліп жатыр.

Қоғам қайраткері, саясаттанушы Берік Әбдіғали салтанатты жағдайда Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығына арналған мерейтойлық медальді аудан әкімі Ермек Нұғмановқа, құрметті азаматтарға, жазушыларға, өлкетанушыларға, сондай-ақ ғасыр бұрынғы тарихи оқиғаларға қатысқан батырлардың ұрпақтарына табыс етті. Көтеріліс басшысы Сәтбек қажы болғаны, ал оның жақын серіктері ретінде Смат Әлімбаев, Жанайдар Ыбраев, Молдажан Жадайұлы, Жанмолда және басқалар аталады. Өкінішке қарай, олардың бәрінің есімдері әлі толық анықталған жоқ. Тарихи шындықты қалпына келтіріп, олардың атын халыққа таныту – ұрпақ алдындағы парызымыз.

– Қанжығалы Бөгенбайдың серігі Жантай батырдың жерленген орнын

тапқаныңыз рас па?

– Тарихи деректерге сүйенсек, Жантай батыр (Қанжығалы руынан) сан мыңдаған жоңғар әскеріне бар болғаны 500 сарбазбен қарсы шыққан. Бұл тең емес, бірақ ерлікке толы шайқас туралы көптеген жыр мен аңыз сақталған. Бүгінде Ерейментау қаласындағы көшелердің бірі Жантай батырдың атымен аталады, ал оның бюсті орталық алаңда, Бөгенбай батырға арналған ескерткіш маңына орнатылған.

Өткен жазда аудан әкімдігі Қарағанды облысының Шет ауданына Жантай батырдың жерленген жерін анықтау мақсатында экспедиция ұйымдастырды. Біз республикалық «Жас Алаш» газетінің тілшісі Сайлау Байбосыновпен және аудандық мәдениет бөлімінің басшысы Сайлау Жылқыбаевпен бірге бардық. Үмбетей жыраудың «Жантай батыр» дастанында Баян, Сары және Жантай батырлардың сүйегі Қарабұлақ ауылының маңындағы Сары-Баян төбесінде жерленгені айтылады. Алайда бұл дерек әлі де дәлелдеуді қажет етеді.

– Ерейментаулықтардың Ақан серінің атақты тулпары Құлагерге құрмет көрсету ниеті де зор...

– Халық даналығында «Тулпарға қастық жасағанның тұқымы құриды» деген сөз бар. Бұл Батыраш ұрпақтарының басынан өткен жағдаймен дәл келеді.

1989 жылы қоғам қайраткері Молдахмет Досаевтың және Еркіншілік кеңшарының директоры Андрей Риммердің бастамасымен Павловка мен Еңбек ауылдарының маңында Құлагерге ескерткіш орнатылған еді. Алайда 1996 жылы оны «металлистер» ұрлап әкетті. Қылмыстық іс қозғалғанмен, нәтиже болмады. Ал 2010 жылы биіктігі 5 метрлік қола ескерткіш Астана-Көкшетау тасжолының бойында, елордадан шығар тұста бой көтерді.

1876 жылғы қасіретті жылы Құлагер 120 шақырымдық бәйгеде 300-ден аса аттың арасынан бірінші болып келсе, Ақан сері жеңімпаз ретінде марқұм байдің мұрагерінен өлім жазасына кесілген көтерілісшілерді босатуды талап ете алар еді. Демек халық ақыны осы Ерейментау жерінде туған ата-бабаларымыздың өмірін қорғауды көздеген. Өлкенің ардақты адамдары, тарихы мен табиғи байлығы туралы мен демешілердің қолдауымен қазақ және орыс тілдерінде «Ерейментау» энциклопедиясын жарыққа шығардым. Өйткені мен өз Отанымды мақтан тұтамын!

ИНВЕСТИТОРДЫҢ ИГІ ІСІ

Ерейментау ауданындағы Күншалған ауылы соңғы жылдары ауылдық аумақты дамыту бойынша сәтті тәжірибелердің біріне айналды. Шамамен 500 тұрғыны бар елді мекен үшін тұрақты жұмыс пен инфрақұрылымның болуы маңызды рөл атқарады. Бұл үрдіске «Юркино KZ» ЖШС айтарлықтай үлес қосып отыр.

Кәсіпорын өсімдік және мал шаруашылығымен айналысып, 13 мың гектарға жуық егістік алқапта жұмыс жүргізеді. Заманауи техника мен ұйымдастырудың арқасында шаруашылық ауданның жетекші агрокәсіпорындарының бірі саналып отыр.

Қазір өндірістік база кеңейіп, кәсіпорын аумағында қуаты сағатына 65 тонна астық келтіргіш орнатылып жатыр. Жабдықты сатып алуға 138 млн теңгеден аса инвестиция бағытталған. Бұл өндіріс тиімділігін арттырып, ауыл экономикасының тұрақтылығын күшейтеді.

«Юркино KZ» ЖШС – жұмыспен қамтудың негізгі көздерінің бірі. Онда Күншалған ауылдық округі тұрғындарының 25%-дан астамы еңбек етеді. Шамамен 100 адам тұрақты табысқа және әлеуметтік сенімділікке ие.

Кәсіпорынның әлеуметтік саладан да тыс қалмайтыны байқалады. Ауылда ескі ғимараттар жөнделіп, дүкен мен қоғамдық монша қайта іске қосылды. 2025 жылы кәсіпорын базасында Ерейментау ауданы бойынша алтыншы өрт сөндіру бекеті ашылды. Ол ерікті өрт сөндірушілер бөлімшесі ретінде жұмыс істеп, шалғай ауылдарда төтенше жағдайларға жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

СҮТ ӨНДІРІСІ ЖАҚСЫ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН



Ерейментау ауданының Елтай ауылында сүт өндірісі бағытында маңызды жоба іске асып келеді. Бұл ретте «Елтай Сүт» ауыл шаруашылығы кооперативі сүтті мал шаруашылығын дамытуға, қайта өңдеу көлемін ұлғайтуға және өндірістік инфрақұрылымды жаңғыртуға ден қойып отыр.

Фермада 120 бас ірі қара бар. Заманауи технологияны енгізудің арқасында тәуліктік сүт өндірісі 1,5-2 тоннаға дейін жетуі мүмкін. Жоба аясында «Ата-Сүт» фермасын қалпына келтіру және жаңарту жұмыстары жүргізілген. Бұл өнім сапасын жақсартуға, қызмет көрсету үдерістерін жеңілдетуге және көрсеткіштерді арттыруға мүмкіндік береді. Кооператив алдағы уақытта қаймақ,

сүзбе және сары май сияқты өнімдер өндіруді жоспарлап отыр. Нарық ретінде Астана қаласы мен Ерейментау ауданы қарастырылған.

Қазір кооперативте 5 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Жобаны іске асыру барысында жаңа жұмыс орындарын ашу көзделіп отыр. Бұл ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер береді.

Ерейментау ауданында мыс рудасын өндіретін «Қызылту» ЖШС соңғы 20 жылда өңірдің экономикасы мен әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға елеулі үлес қосып келеді. Компания 2006 жылы құрылған және бүгінде ауданның тірек кәсіпорындарының бірі саналады.

Ауданның дамуына ауқымды үлес қосқан кәсіпорын

2024 жылы кәсіпорын 1,225 млн тонна өнім өндірді. Өндіріске жұмсалған шығындар 7,8 млрд теңгені қамтыды. Зауытта 120 адам еңбек етеді, орташа жалақы – 359 мың теңге.

Инфрақұрылым бойынша маңызды қадамдардың бірі – кен орнын мемлекеттік меншікке берілген айналма теміржолмен қамтамасыз ету. Бұл жобаның арқасында кәсіпорынның өндірістік мүмкіндігі кеңейіп, өңірдің логистикасына да оң әсер етті.

Компания ұзақ мерзімді стратегиялық инвестицияларды жалғастырып отыр. Қазір қуаттылығы жылына 3 млн тонна болатын байыту фабрикасының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп жатыр. Келешекте қуат

6 млн тоннаға дейін ұлғайтылады. Жоба құны – 1,03 млрд теңге. Ал 2025 жылғы инвестициялар көлемі 292 млн теңге болған.

«Қызылту» ЖШС әлеуметтік саланы да қолдайды. Соңғы үш жылда 42,6 млн, 11,6 млн және 4,7 млн теңге әлеуметтік қажеттіліктерге бағытталды. Қызылту және Майлан ауылдарында ұзындығы 6 шақырым көшелер жарықтандырылып, қосымша 1,5 шақырым учаске іске қосылды. Бұл 2 мыңға жуық тұрғынның күнделікті қауіпсіздігі мен тұрмыс сапасын жақсартты.

Кәсіпорын аумағында қызметкерлерге арналған спорт және демалыс аймақтары салынды. Бүгінде онда футбол алаңы, спорт алаңшалары мен воркаут кеңістігі жұмыс істейді.



Мәдениет саласы: 2025 ЖЫЛ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ТОЛЫ БОЛДЫ

«Ерейментау ауданы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ 2025 жылдың қорытындысы бойынша ақпараттық есебін жариялады. Оқырман назарына соның ішінен мәдениет объектілерінің қызметі жөніндегі дерек-дәйектерін ықшамдап ұсынып отырмыз.

КІТАПХАНА КӨРСЕТКІШТЕРІ

2024 жылы аудан кітапханаларының тұрақты оқырман саны 11 310, 2025 жылы 11 244, ал жалпы келушілер саны 2024 жылы 112 604, 2025 жылы 107 162 адам болды. 2024 жылы берілген кітап саны 225 203, 2025 жылы 214 352 данаға жетті.

2025 жылы «Орталық кітапханалар жүйесі» КММ-де 1 180 іс-шара өткізіліп, оған 18 564 адам қатысқан.

Клубтар мен бағдарламалар бойынша өткізілетін іс-шаралардың едәуір бөлігі мектеп оқушылары мен аға буын оқырманға арналған.

Еркіншілік модельдік ауылдық кітапханасында «Сельчанка», «Светлячок» клубтары жұмысын жалғастырып отыр. 2004 жылдан бері белсенді жұмыс істеп келе жатқан клуб ауыл тұрғындары арасында жақсы танымал.

Ақмырза ауылдық кітапханасында қарттар мен үй шаруасындағы әйелдерге арналған «Әлем» клубы және «Шамшырақ» үйірмесі жұмыс істейді.

Олжабай батыр ауылдық модельдік кітапханасында оқушылардың қатысуымен «Мирас» танымдық-ойын-сауық клубы жұмыс істейді. Клуб жұмысындағы басты бағыт – туған өлкенің тарихын зерделеу, қасиетті жерлерге деген қызығушылықты арттыру.

2025 жылы Ерейментау ауданының «Орталық кітапханалар жүйесі» КММ кітап қоры 1 966 данаға, оның ішінде қазақ тілінде 1 607 данаға толықтырылды.

Жалпы түсімен ауылдық кітапханалар 1 479 дана алды, оның ішінде қазақ тілінде – 1 373 дана.

Кітап қоры барлығы 2 778,1 мың теңгеге толықтырылды, ауылдық кітапханалар 1 955,2 мың теңгеге көшірмелер алды.

Жалпы қордан 200 дана, оның ішінде 8 дана қазақ тілінде есептен шығарылды.

Ерейментау ауданының «Орталық кітапханалар жүйесі» КММ кітапхана қорының көлемі 01.01.2025 жылы 268 361 дананы, қазақ тілінде 88 881 дананы қамтыды.

2025 жылы ауданның кітапханаларына 1 271 данаға аз құжатар түсті десек, қазақ тілінде – 410 данаға аз.

Телефондандырылған кітапханалардың саны – 100%, компьютерленген кітапханалар – 100%. Оның ішінде интернет желісімен жабдықталған 16 кітапхана, телефондармен жабдықталған 16 кітапхана бар. Қазір 2 коворкинг орталығы, 3 модельдік ауылдық кітапхана бар.

Ерейментау ауданының «Орталық кітапханалар жүйесі» КММ-нің басым бағыттарының бірі – мүмкіндігі шектеулі жандарға қызмет көрсету. Осы бағыттағы кітапхана қызметі ұсынатындарды таңдауды және кітаптарды сұранысқа сәйкес үйге жеткізуді, мүгедектер мен зейнеткерлер үшін қоғамда маңызды ақпаратты қамтамасыз етеді. Сілеті және Ақсуат ауылдық кітапханаларында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған арнайы пандустар орнатылған.

Халыққа кітапханалық қызмет көрсету стационарлық және стационарлық емес объектілерді пайдалана отырып жүзеге асырылады. Стационарлық емес қызмет түрі: Сілеті ауылдық кітапханасында жылжымалы кітапхана жұмысын жалғастырып келеді. Оқырманға әр аптаның бейсенбісінде қызмет көрсетеді. Сондай-ақ облыстық наркологиялық диспансерде кітап беретін бір пункт бар.

Келешекте Майлан, Сілеті ауылдық кітапханаларының базасында модельдік кітапханалар ашу жоспарланып отыр.

2021 жылдың сәуір айында Ерейментау «Орталық кітапханалар жүйесі» КММ сайты ашылды (<https://kgucbsereymentau.testim.kz/>). Оған кітапхана туралы ақпарат қосылды. Кітапханада да, одан тыс жерлерде де ұйымдастырылған іс-шаралар сайтқа уақтылы жүктеледі. Қажет болса, сайт жаңа бөлімдермен толықтырылады. Оқыр-

мандармен жұмыс кітапхана беттерінде әлеуметтік желілерде жарияланады, ал кітапханашылар өз қызметін электрондық форматта жүргізеді. Көптеген іс-шара фотосуреттер немесе бейнелер түрінде жүктелді және әртүрлі форматтарда өткізілді. Сайттың әр бөліміне қажетті материалдар (буклеттер, кітаптар, слайдтар және т.б.) жүктеледі.

28 сәуірде Еркіншілік ауылдық модельдік кітапханасы жанынан заманауи талаптарға сай жабдықталған «Коворкинг» орталығы салтанатты түрде ашылды. Бұл жаңа орталық ауыл тұрғындары мен жастарға бос уақытты тиімді өткізуге, шығармашылықпен айналысуға, жаңа жобалар әзірлеу, білімін жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл – ауылдық жердегі кітапхана жұмысының жаңаша форматы, заманауи үлгісі. Кітапхана іші көркем безендіріліп, заманауи жиһаздармен және қажетті техникалық құрылғылармен жабдықталған. Жаңа форматтағы бұл кеңістік оқырманға жайлы жағдай жасап, креативті ойлауға, ізденуге, біліммен бөлісуге мүмкіндік береді.

2025 жылдың 12 желтоқсанында Олеңті ауылдық кітапханасы модельдік кітапхана ретінде жаңа келбетпен қайта ашылды. Бұл – жәна гитараттың жаңаруы емес, қоғамның рухани құндылықтарға бет бұруының, өркениетке ұмтылысының жарқын белгісі. Олеңті ауылдық модельдік кітапханасы енді ауыл тұрғындарының сүйікті орнына айналып, ұрпаққа сапалы білім мен рухани құндылықтарды дарытатын орталыққа айналатыны сөзсіз.

КЛУБ ҚЫЗМЕТІ

2025 жылдың есебі бойынша, құрылым саны – 197, қатысушылар саны – 1 981 адам, оның ішінде ауылдық жерде клубтық құрылым саны – 168, қатысушылар саны – 1626 адам.

2025 жылы 8 жаңа ұжым ашылды. Олар: Сілеті ауылдағы «Домбыра» ансамблі (8 адам), жетекшісі – Айтуған Шапай, Ақсуат ауылдағы «Жеңіс» би тобы (4 адам), жетекшісі – Галия Абылай, Олжабай батыр ауылдағы «Асылым» би ансамблі (8), жетекшісі – Шамшия Шамшитова, Күншалған ауылдағы «Шабыт» би тобы (7 адам), жетекшісі – Жансая Еламанова, Майлан ауылдағы «Гармония» би ұжымы (6 адам), жетекшісі – Гуля Матаева, «Алаш» би тобы (6 адам), жетекшісі – Шашу Жолжақсы, «Әжелер» ансамблі (6 адам), жетекшісі – Бекзат Абыкеева, «Томирис» вокалдық тобы (7 адам), жетекшісі – Айгүл Қыздарбекова. Сондай-ақ «Халықтық» атағы бар үш ұжым жұмыстарын жалғастырып отыр. Олар: «Әжелер» халық ансамблі, Халық хоры, «Жастар» халық би ансамблі. «Халықтық» атағы бар ұжымдарда барлығы 107 қатысушы бар.

БАЙҚАУЛАР ҚОРЫТЫНДЫСЫ

13 ақпанда Көкшетау қаласында қазақтың ұлы ақыны, философ, халық ағартушысы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Бала ақын – жас дарын» аймақтық оқушылар айтысы өтті. Онда Ақмола, Қостанай, Қарағанды облыстарының жас ақындары бақ сынады. Серікболат Сәттібек I орынға және 200 мың теңге ақшалай сыйлыққа ие болды.

20 ақпанда Көкшетау қаласында «Қазақ вальсінің королі», Қазақстанның халық әртісі Шәмші Қалдаяқовтың 95 жылдығына орай өткен «Ән аға-Шәмші аға» облыстық байқауына Ерейментау



ауданы атынан дуэт Мәди Еламанов пен Жансая Еламанова қатысты.

22 ақпанда GULNAR FEST халықаралық көп жанрлы байқауы өтті. Хореография номинациясы бойынша жас санаты: 3-6 жас. Нәтижесінде Сәния Садуақасова I орын (Майлан ауылы), «Бусинки» би тобы I орын (Еркіншілік ауылы), «Искорки» мектеп жасына дейінгі тобы II орын (Майлан ауылы) иеленді. Ал 9-11 жас санаты бойынша Дамира Бахаева I орын (Майлан ауылы), Айша Әдебиев II орын (Майлан ауылы), Ақниет Талғат III орын (Майлан ауылы), Александра Фоминаның Viktoria dance studio би мектебі, аралас жас санаты бойынша Viktoria dance studio II орын, Smile би тобы II орын, «Элегия» би триосы III орын алды.

4 сәуірде Қосшы қаласында Қазақстанның Халық әртісі Ескендір Хасанғалиевтің туғанына 85 жыл толуына орай ән байқауы өтті. Жерлесіміз Жүлдіз Сейтказинова (жетекшісі – Нұрболат Хуанбай) да өзінің әсем дауысымен Ескендір ағаның әнін шырқады. Қазылар алқасының төрайымы – Қазақстанның халық әртісі Майра Илиясова.

13 сәуірде Астана қаласында өткен Халықаралық көпжанрлы GULNAR FEST байқауында «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша Еркіншілік ауылдық мәдениет үйінің «Дарын» жануалық ансамблі I орын иеленді. Жетекшісі – Әсел Майлыбай.

16 сәуірде Степногорск қаласында «БИART» облыстық заманауи би байқауы өтті. Ерейментау ауданы атынан Тагьяна Хайдарова жетекшілік ететін STORIES би студиясы ел намысын қорғайды. Екі кезек бойынша бақ сынаған би ұжымы қазылар алқасының шешімімен

ТАҚЫРЫПҚА – ТҰЗДЫҚ

Ерейментау «Орталық кітапханалар жүйесі» КММ-нің кітапханашылары Ерейментау аудандық «Ерейментау – ақпарат», «Арқа ажары», «Қазақстанская правда» қоғамдық-саяси газеттерінде, балалар журналдарына көптеген мақала мен өлеңдер жариялады. Әсіресе, Олжабай батыр ауылдық модельдік кітапханасы және Ақмырза ауылдық кітапханасының кітапханашылары мен әдістемелік-библиографиялық бөлімінің қызметкерлері жыл бойы түрлі мақалалар жазып, БАҚ-пен тығыз байланыста болды.

бас жүлдеге ие болды.

20 сәуірде Ташкент қаласында Tashkent music festival халықаралық байқау-фестивалі өтті. Хореография бойынша өнер көрсеткен Viktoria dance studio жетекшісі Александра Фомина жеңімпаз атанды.

Еркіншіліктен Аяна Абельдинова бас жүлде, Кәусар Жантурсан I орын, Майланнан Дамира Бахаева бас жүлде, Айша Әдебиев бас жүлде, Дарина Наливайко бас жүлде, Саня Садвақасова бас жүлде, «Бархат» триосы бас жүлде, дуэт Найзере, Аяла Темірбектер бас жүлде, дуэт Баян Баратова бас жүлде, дуэт Саня, Жаня Баратовалар I орын, Алёна Бринзей I орын, Линара Аппақова I орын, Екатерина Ощепкова I орын, Дарья Головка I орын, Ақниет Талғат I орын, Лейла Аллаберген I орын иеленді.

24 сәуірде Егіндікөл аудандық мәдениет үйінде күйші, композитор, дирижер

Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған «Көнеден жеткен күмбір» фольклорлық ансамбльдердің облыстық фестивалі өтті. Оған «Ереймен сазы» фольклорлық ансамблі қатысып, дипломмен және ақшалай сыйлықпен марапатталды.

28 сәуірде Астана қаласында «Рейтинг успеха» халықаралық өнер байқауы өтті. Онда Еркіншілік ауылынан:

Аяна Абельдинова I орын;
Кәусар Жантурсан II орын;
«Бусинки» би тобы II орын;
Майлан ауылынан:
Дамира Бахаева I орын;
Ақниет Талғат I орын;
Саня Садвақасова I орын;
Екатерина Ощепкова II орын;
Дарина Наливайко II орын;
Линара Аппақова II орын;
Дарья Головка III орын;
Баратовтар дуэті I орын;
Былков Адам Колегова Арина II орын;
DaRiNa би тобы I орын;
Regi dance би тобы II орын;
SamirKa boom dance би тобы II орын;
«Тұлпар» би ұжымы II орын;
«Трио Бархат» II орын иеленді.

7 мамырда Біржан сал ауданында өткен «Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс» облыстық байқау-фестиваліне Ерейментау аудандық мәдениет үйінің дәстүрлі әншісі Махсат Байдолда қатысып, дипломмен және естелік сыйлықпен марапатталды.

Маусым айында Майлан ауылының Viktoria dance studio тобы Түркістан қаласында өткен «Түркістан дарындары» халықаралық шығармашылық байқауында үздік өнер көрсетті.

«Хореография» номинациясы бойынша:

Линара Аппақова I орын;
Ақниет Талғат I орын;
Найзере, Аяла Темірбектер дуэті I орын;
Лейла Аллаберген I орын;
«Дарина» би тобы I орын;
«Искорки» би тобы II орын иеленді. Сондай-ақ жетекші Александра Фомина «Дарынды ұстаз» аталымына ие болып, «Түркістан жұлдызы» кубогымен марапатталды.

15 маусымда «Феникс» бишілер ұжымы (жетекшісі Александра Фомина) Алматы қаласында өткен Dance Mania халықаралық хореографиялық байқауда жүлделі I орынға ие болды.

Шілде айында Моңғолияның Баян-өлгей аймағындағы Алтынцөгте сұмныңының 100 жылдық мерейтойына арналған Халықаралық ақындар айтысында ерейментаулық Ерлан Дәулетұлы бас жүлде иегері атанды.

21 шілдеде Алматы қаласында өткен MEGA POLIS KZ Халықаралық өнер байқауында Майлан ауылынан Дамира Бахаева бас жүлде, Еркіншілік ауылынан «Бусинки» би ұжымы I орын алды. Жетекшісі – Александра Фомина.

9 тамызда Көкшетау қаласында өткен Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған «Абай – ұрпақ жүрегі» аймақтық ақындар айтысында Ерлан Дәулет II орынға, шәкірті Сәттібек Серікболат III орынға ие болды. Жаңылған Жолдұмұрат қатысқаны үшін Бұрабай ауданының әкімі А. Сағатовтың Алғыс хатымен марапатталды.

10 тамызда Көкшетау қаласында қазақтың ұлы ақыны, ойшыл, ағартушы

Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған «Абай әлемі» атты мәдени арбаты өтті. Бұл рухани іс-шараға «Ереймен сазы» фольклорлық ансамблі (жетекшісі – М Күнкенов) «Абай дана-Абай дара» фольклорлық ансамбльдерінің облыстық шеруіне қатысты. Сонымен қатар «Әнді сүйсең, менше сүй» вокалдық байқауында Бейбарыс Айтмағанбетов бақ сынап, жүлделі I орынға ие болды.

5 қыркүйекте Қорғалжын ауданында Flamingo Fest облыстық фестивалі өтті. «Ұлы дала әуені» фольклорлық ансамбльдер фестиваліне Ерейментау ауданының «Ереймен сазы» фольклорлық ансамблі қатысып, дипломмен және сертификатпен марапатталды.

5 қыркүйекте Көкшетау қаласында Қазақстан халқы тілдері мерекесіне арналған онкүндіктің ресми салтанатты ашылуы өтті. Сайлау Байбосын ағамыз Ақмола облысы бойынша «Үздік өлкетанушы» номинациясында бас жүлдеге ие болды.

12 қыркүйекте Бұрабай ауданында халық композиторы, белгілі әнші, сазгер Үкілі Ыбырайдың 165 жылдығына арналған «Арқаның ән дариясы» облыстық дәстүрлі әншілер байқауы өтті. Оған Ереймен елінен Махсат Байқауов қатысып, дипломмен марапатталды.

Қыркүйек айында Нарынқолда өткен ақын Оразалы Досбосынның 50 жылдығына арналған республикалық айтыста Ерейментаудың ғана емес, Ақмола облысының атынан Сәттібек Серікболатұлы қатысып, жүлделі III орынға ие болды.

20 қазанда Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясында «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында «Сағындырған әндер-ай!» облыстық байқауы өтті. Ерейментаудың атынан қатысқан Еркіншілік ауылдық мәдениет үйінің қызметтік бөлмелерді жинаушысы Ольга Гаус дипломмен және ақшалай сыйлықпен марапатталды.

20 қазанда Астана қаласында өткен көпжанрлы GULNAR FEST халықаралық байқауында «Хореография» номинациясы бойынша Тайбай ауылының «Әдемі» би тобы (жетекшісі – Құралай Сәрсенова) жүлделі III орынға ие болды.

2 қарашада «Жасанды интеллект дәуіріндегі жасампаз жастар» республикалық оқушылар айтысында Ерлан Дәулеттің шәкірті Сәттібек Серікболатұлы Ақмола облысы атынан қатысып, Ринат Зайытовтың арнайы жүлдесіне ие болды.

1 қарашада Астана қаласында өткен XII Халықаралық «Рейтинг успеха» өнер байқауына Ерейментау ауданынан 100 бала қатысты. Онда да Еркіншілік ауылдық мәдениет үйі мен Майлан ауылдық клубының өкілдері жүлделі I, II орындарды иеленді.

29 қарашада Қостанай қаласында өткен GULNAR FEST халықаралық көпжанрлы байқауында «Хореография» номинациясы бойынша бақ сынаған жерлестеріміз жеңіске жетті. Атап айтқанда, тағы да Александра Фомина жетекшілік ететін Майлан ауылының өнерпаздары I, II, III орындарды алды.

6 желтоқсанда Астана қаласында өткен «Бала шабыты» халықаралық конкурстық жобасы FIRE BEATS SHABYTY дарынды балалар мен жастарға арналған байқауында Малтабар ауылдық клубының «Балапандар» би тобы (жетекшісі – Әлия Өмірбаева) I орынға ие болды.

КОНСУЛЬТИРУЙТЕСЬ, ПОКА НЕ ПОЗДНО

С 1 января 2026 года в силу вступили важные изменения в налоговом законодательстве, которые могут повлиять на деятельность местных предпринимателей. Кто рискует столкнуться с неожиданными последствиями и как избежать неприятных сюрпризов? Ответы на эти вопросы – в консультациях, которые проходят в рамках акции «Народный бухгалтер».

В этом году в Акмолинской области в рамках акции «Народный бухгалтер» особое внимание уделено разъяснению изменений в налоговом законодательстве для индивидуальных предпринимателей и субъектов малого бизнеса. Модернизация системы специальных налоговых режимов, разделённых теперь на три категории, потребовала дополнительного разъяснения со стороны специалистов.

Сотрудники органов государственных доходов акцентируют внимание предпринимателей на важности соблюдения обновленных требований. Несоблюдение этих норм может привести к автоматическому переходу на другой налоговый режим, что, в свою очередь, повлечет дополнительные финансовые и административные риски.

Специалисты департамента государственных доходов, а также профессиональные аудиторы и бухгалтеры оказывают всестороннюю помощь предпринимателям, консультируя их по вопросам выбора налоговых режимов, сроков сдачи отчетности и правильности заполнения деклараций.

– Консультации проходят три раза в неделю – по понедельникам, средам и пятницам с 10:00 до 13:00. Получить помощь можно как при личном обращении, так и по телефону, – пояснила руководитель управления областного департамента государственных доходов Айнура Еликбаева.

Предприниматели региона отмечают важность своевременных разъяснений, которые помогают избежать ошибок в учете и налогообложении. Такие консультации, по их мнению, не только упрощают процесс работы, но и обеспечивают соответствие новым требованиям законодательства.

С учетом обновлений в Налоговом кодексе РК, особенно в январе 2026 года, важно уделить внимание срокам представления налоговой отчетности и уплаты обязательных платежей за декабрь 2025 года. Правильное выполнение всех требований поможет избежать возможных штрафов и нарушений, а консультации в рамках акции «Народный бухгалтер» станут отличной поддержкой для предпринимателей в этом процессе.

Сроки подачи налоговой отчетности:

- 15 января: Декларация по акцизу (форма 400.00) и расчет за структурные подразделения (форма 421.00) за ноябрь 2025 года.
- 20 января: Заявление о ввозе товаров и уплате косвенных налогов (форма 328.00) за декабрь 2025 года.
- Сроки уплаты налогов и обязательных платежей:
- 5 января (включительно): ИПН по доходам лиц, занимающихся частной практикой, за декабрь 2025 года.
- 20 января: НДС в ЕАЭС и акциз в том числе на импортированные товары из ЕАЭС за декабрь 2025 года.
- 26 января: КПП (авансовые платежи за январь 2026 года), ИПН у источника выплаты (по доходам за декабрь 2025 года), а также социальные налоговые и другие взносы (за декабрь 2025 года).

Важно отметить, что по информации Департамента государственных доходов по Акмолинской области предпринимателям рекомендуется заранее подготовиться и не упустить сроки для избегания штрафных санкций.

ВОЗРАСТ НЕ ПОМЕХА

ДЛЯ СТАРШЕГО ПОКОЛЕНИЯ ОТКРЫВАЮТСЯ НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ

Вы думали, что с возрастом трудовая карьера заканчивается? Ошибаетесь! В Ерейментауском районе реализуется уникальная программа, которая может изменить вашу жизнь. Для граждан старше 50 лет, не достигших пенсионного возраста, открывается реальная возможность найти достойную работу с государственной поддержкой. Как это работает и кто может стать участником программы, читайте в нашем материале. Не упустите шанс изменить свою судьбу!

В нашем районе активно реализуется социально значимая программа «Серебряный возраст», цель которой – поддержка трудоустройства граждан старшего возраста. Проект ориентирован на безработных людей старше 50 лет, не достигших пенсионного возраста, и предоставляет им реальную возможность найти достойное рабочее место с частичной государственной субсидией на оплату труда. Программа направлена на интеграцию опытных специалистов в трудовой процесс и поддержку их активности, что способствует улучшению качества жизни и расширению горизонтов для людей, которые, возможно, столкнулись с трудностями при поиске работы в возрасте старше 50 лет.

Основная идея программы заключается в том, что работодатели создают рабочие места специально для граждан старшей возрастной группы, которые по тем или иным причинам остались без работы. Взамен государство покрывает часть расходов на оплату труда этих сотрудников, что значительно облегчает финансовую нагрузку на работодателей и делает такие рабочие места более привлекательными и доступными. Такие меры обеспечивают стабильный доход для работников и поддерживают предприятия в привлечении квалифицированных специалистов.

Продолжительность участия в программе «Серебряный возраст» составляет не более 36 месяцев. По истечении этого срока, участникам предоставляется возможность перейти на постоянное рабочее место, что обеспечивает стабильность и уверенность в завтрашнем дне. Форма трудоустройства дает людям старшего возраста шанс сохранить трудовую активность и продолжать работать до достижения пенсионного возраста, при этом оставаясь частью полноценного трудового процесса и не теряя связи с обществом.

Зарплата участников программы «Серебряный возраст» устанавливается и выплачивается непосредственно работодателем. В то же время, государственная поддержка играет ключевую роль в облегчении финансовой нагрузки на работодателей и создании комфортных условий для трудоустройства. Так, первые 12 месяцев государство покрывает 70% от заработной платы работника, с 13 по 24 месяц – 65%, а с 25 по 36 месяц – 60%. Важно отметить, что сумма субсидий не может превышать 30 месячных расчетных показателей (МРП), что позволяет обеспечить значительную поддержку как работникам, так и работодателям на протяжении всего срока программы.

Недавно в селе Олжабай Батыра специалисты филиала Карьерного



Фото: Фото из страницы Facebook Карьерного центра Ерейментауского района

